

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Халықаралық ғылыми зерттеу және инновация орталығы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Ғылым және халықаралық ынтымақтастық департаментіне қарасты құрылымдық бөлімше.

Орталық өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Халықаралық ғылыми зерттеу және инновация орталығының жетіекшісі – филология, философия ғылымдарының докторы, профессор Керім Шамшәдин Тұрсынұлы.

I. ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Орталық мақсаты - іргелі, қолданбалы және инновациялық негіздегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Орталық қызметінің міндеттері:

- ЖОО жоспарының негізгі бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру;
- Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда Университет алдында тұрған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстарды әзірлеу, талдау және ақпараттарды таратуды ұйымдастыру;
- Оқу орнының ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесу;
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан гранттық және бағдарламалық қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар конкурстарына қатысу;
- Ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, кеңестер және өзге де ғылыми іс-шаралар ұйымдастыруға атсалысу;
- Халықаралық және республикалық ғылыми байланыстарды жүзеге асыру;
- Жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдерді енгізу және дамыту үшін жобалар мен стартаптарды қолдау;
- Шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен және университеттерімен серіктестік орнатып, халықаралық деңгейде ғылыми зерттеулер жүргізу;
- Ғылыми зерттеулер мен инновацияларды дамыту үшін қажетті ақпараттық ресурстар мен әдістемелік материалдар ұсыну.

Ғылыми-зерттеу орталығының функциялары:

- Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне оның қызмет бағыттары шеңберінде қызмет көрсету және белгіленген тәртіпте зерттеу нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну.

- Бірлескен зерттеулер жүргізу мақсатында оқу орындарымен, ғылыми мекемелермен ғылыми ынтымақтастықтың перспективалық нысандарын дамыту.

- Ғылыми және инновациялық қызмет мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету.

- Ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу және пайдалануды үйлестіру арқылы мамандарды дайындау сапасын арттыру.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру. Нұр-Мұбарак университеті Қазақстандағы исламтану, дінтану, араб филологиясы бағытындағы отандық және египеттік білікті мамандар қызмет ететін, ғылыми зерттеу жүргізетін орталық деңгейде танымал.

II. ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР:

2013-2016 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландырумен *«Қазақстанда діни тұтастықты қалыптастыруда ханафи мәзһабының орны, мән-маңызы: тарихы, ғылыми мұрасы, қазіргі және оны дамыту стратегиясы»* атты жоба мен жұмыс атқарды (жоба жетекшісі -Ш.Керім), ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға арналған конкурсынан жеңіп алған.

«Қазақ қоғамында діни сананы қалыптастыруда матуридilik сенім жүйесінің рөлі мен Ислам іші плюрастік дискурс шығару перспективалары» деген жоба (Жоба жетекшісі - А.Әділбаев). 2018-2020 жж. аралығында орындалды.

Қазір атқарылып жатқан жобалар:

1. Қазір ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша *«Сандық кеңістіктегі ислам (қазіргі Қазақстан мысалында)»* (Жоба жетекшісі – Ш.Т.Керім) бойынша жұмыс жүруде.

2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан № BR24993035: *«Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары»* атты бағдарламалық-нысаналы жоба жүргізілуде (Жоба жетекшісі – Ш.Т.Керім).

III. ӨТКІЗІЛГЕН СЕМИНАРЛАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ ФОРУМДАР:

1. Халықаралық форум:

- Бизнес және ислам: Қаржы мен инвестицияның өзекті мәселелері

2. Халықаралық конференция:

- Ислам өркениеті кеңістігіндегі Хусамуддин Әс-Сығанақи мұрасы;

- Ұлы даланың діни тұлғалары және рухани бірегейлік мәселесі
- Әбу Насыр Әл-Фараби және Орта ғасырлық мұсылмандық педагогикалық мұра;
- Киберкеңістіктегі діни дискурс: сын-тегеуріндер мен шешімдер;
- Цифрлы қоғам жағдайындағы діни қайырымдылықтар: теориясы мен практикасы

3. Семинарлар:

- Сандық кеңістіктегі ислам және діни уағыз: қазіргі Қазақстан мысалында;
- Қазақстандағы Қолжазба қорлары: Сақтау және зерттеу;

IV. ОРТАЛЫҚТА ДАЙЫНДАЛЫП, ЖАРЫҚ КӨРГЕН КІТАПТАР:

1. Әбу Ханифа мазһабы, Қазақстаннан шыққан мазһаб ғұламалары, олардың еңбектері туралы:

- Шамшәдин Керім. Сығанақ саңлағы: монография, 2012 ;
- Алау Әдилбаев , Шамшат Адильбаева. Абу Ханифа и ханафитский мазһаб. А., 2014 ;
- Алау Әдилбаев, Имам Мади Түсіпхан. Имам Ағзам Әбу Ханифаның ғибратқа толы ғұмыры , 2015,
- Кердерлік Ханафи ғұлама (дайындаған Имаммади Түсіпхан) А., 2015;
- Шамшәдин Керім . Қауам ад-дин әл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын : монография , 2017 ;
- Шамшәдин Керім. Қазақстан исламтануының аса көрнекті өкілдері. Монография, 2018
- Алау Әдилбаев, Түсіпхан Имаммади. Ғұмыры ғибрат ғұлама имам ағзам Әбу Ханифа. 2021
- Шамшәдин Керім. Тараз тарланы. 2022.

2. Қолжазба негізіндегі басылымдар:

- Хусам ад-дин ас-Сығнақи . Ат-Тасдид фи шарх ат-Тамһид, арабша қолжазба негізінде мәтін алғысөз, түсініктер, сондай-ақ қазақша алғысөзбен бірге (дайындағандар: Ш.Керім, С.Тәжібаев) , 2016 ;
- Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби. Әл-Қасида маусума би лалали әл-маунат фи сарф уа шархиһа арабша қолжазба негізінде мәтін алғысөз, түсініктер, сондай-ақ қазақша алғысөзбен бірге (дайындаған: Ш.Керім). 2016

3. «Исламтану зерттеулері» сериясы бойынша жарыққа шыққан монографиялар:

- Қайрат Құрманбаев. Хусам ад-дин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері, 2018 жыл;
- Асқар Әкімханов. Әбу Мансур әл-Матуриди және оның «иман» мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары, 2019 жыл;
- Ж.Сандыбаев. Әбу Хамид әл-Ғазали және «ахлақ» ілімі, 2019 жыл;
- Қ.Жолдыбайұлы. Ханафи хадис әдіснамасы, 2020 жыл

- Нұрлан Анарбаев. Әбу әл-Қасым әл-Фарабидің діни-этикалық ілімі, 2021 жыл.

4. Оқулықтар мен оқу құралдары:

- Алау Әділбаев. Ханафи мәзһабы. Оқу құралы, 2014;
- Батталұлы Ризабек. Ақида сабақтары, 2014;
- Қ.Құрманбаев. Исламдағы адам құқықтары.
- Н. Тағанұлы. Ислам дағуатының негіздері мен әдістері. 2023
- Қайрат Затов, Дін феноменологиясына кіріспе.
- Исламдағы мирас ілімі. Жасұлан Жүсіпбеков, Бижан Илесбеков
- Құран іліміне кіріспе, Қайрат Құрманбаев.
- Хадис ілімі, Қайрат Құрманбаев.
- Бекболат Бердімұратұлы, Сарф ілімі (Араб тілінің морфологиясы).
- Жоламан Бұлан. Діни радикализм: себеп-салдары және дерадикализация тетіктері. – 2024ж.

5. «Дін және қоғам» сериясы бойынша жарық көрген кітаптар

- Н. Стамбакиев. Исламдағы өсімқорлық: түрлері және үкімдері. 2021.
- Айнұр Игілікова, Кеулімжай Құттиев. Өлімнен мән іздеген жандар (Суицид проблемасы: себептері және салдары), 2021.
- Қанат Қалымбет - Трансплантация: түрлері және шариғи үкімдері, 2022.
- Юлдаш Бертымұратов. Аборт – қоғам қасіреті. 2023
- Данияр Сүлейменов. Бақытты отбасы. 2023.

6. Ғылыми, діни танымдық еңбектердің басылымы

- Батталұлы Р.Құран экзегетикасы: Муфассирлердің және Әбу Ханифа мәзһабы ғалымдарының ұқсас ұғымдағы аяттарға берген түсіндірмелері. 2015;
- Құрманбаев Қ, Есімқұлов Е. Ислам тарихы. Әділетті бес халифа кезеңі (хижраның 11-40/632-661 ж.ж .) 2 кітап, 2017
- Бижан Илесбеков. Құран тағылымы. 2020.
- Сырым Шәкизада. ХХІ ғасырдағы 21 хадис. 2021.
- Бақытты Батыршаұлы, Мысыр Мамлүк мемлекетінің дешті қыпшақпен байланыстары. - 2021ж.
- Қайрат Құрманбаев, Намаз оқымайтын адам кәпір дейтіндерге жауап. – 2020.
- Қайрат Құрманбаев, Жиһад. – 2022ж.
- Ляйла Турумбетова, History of English. – 2020ж.
- Мұхан Исахан, Бауыржан Есмахан, Мемлекет және дін арақатынасы: Қазақстандық модель. – 2021ж.
- Алау Әділбаев, Сахабалардың пайғамбарға деген сүйіспеншілігі. – 2024ж.

7. Аудармалар:

- Әли Жұма. Дінде шектен шыққандар (Ұстанған жолы мен ерекше мән берген мәселелері, арабшадан аударғандар: Әділбаев А, Илимбаев Р, Әлиұлы. Б), 2016;

- Имам ағзам тағылымы (арабшадан аударғандар: Әділбаев А.; Илимбаев Р., Әлиұлы Б), 2015;

- «Қазақстанның Ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері», 2016;

- Мұхаммед Аууама. Фикһ ғалымдарының пікір алуандылығына хадистің әсері, 2019.

- Ас-Сығнақи.Әт-Тасдид фи шарх әт-тәмһид кітабы арабшадан аударылып, тексеріліп, алғысөз, түсініктерімен.

- Ән-Нажах әт-тәли тилуа әл-марах, Хусамуддин ас-Сығнақи.

- Нуриддин Сабуні. Матуридия ақидасы

- Абулфаттах Әбу Ғудда. Ғұламалардың сабыры.

- Абулфаттах Әбу Ғудда. Уақыттың қадірі. (Мұсылман ғалымдары назарында). 2022.

- Әкмәлуддин әл-Бәбирти. Имам Әбу Ханифа өсиетінің түсініктемесі (Шарх уасия әл-имам Әби Ханифа). 2020

- Ахмад Тайб. Ислам құндылықтары. А. 2023,

- Мухаммед Мұхтар Жұма.Шариғат мақсаттары және сүннетті дұрыс түсіну жолдары.2023.

- Әкмәлуддин әл-Бәбирти. Шарх әл-ақида ат-тахауия (Тахауи ақидасының түсініктемесі) 2023.

- Әбу Хамид әл-Ғазали, Адасудан құтқарушы.

8. Сөздіктер:

- Орталықта жасаған көрнекті жоба 50 мыңға жуық сөз кірген **«Арабша-қазақша» үлкен сөздіктің** дайындалып, 2016 жылы жарық көрді.

- Енді заман талабына жауап беретін, жаңа тұрпатты **«Қазақша-арабша» сөздік** құрастырылып, басылуға дайындалуда.

9. Ғылыми журнал:

- «Исламтану зерттеулері» журналы қазақ, араб, ағылшын, орыс тілдерінде ғылыми мақалалар қабылдайды. Қазірге дейін журналдың 6 саны жарық көрді.